



КЕЛІСІЛГЕН:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ
ҰЙЫМДАРЫН БАҚЫЛАУ МЕН
ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІМЕН

Төраға (Төраға орынбасары)

30.11.2011 



БЕКІТІЛГЕН:
2011 жылдың «17» тамызындағы
«Цеснабанк» АҚ акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысында

«ЦЕСНАБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Астана қаласы
2011 жыл

04.06.2007 ж. акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген «Цеснабанк» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1. Жарғының 1.1. тармағындағы «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша Өкілетті органның» деген сөздерін «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау бойынша уәкілетті органның (бұдан әрі – Уәкілетті орган)» сөздерімен ауыстыру.

2. Жарғының 1.5. тармағын келесі редакцияда баяндау:

«Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарына (келісімдеріне), банктік тәжірибенің халықаралық барша қабылдаған нормаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.»

3. Жарғының 1.11 тармағында «Сара-Арқа» деген сөзін «Сарыарқа» сөзімен ауыстыру.

4. Жарғының 3.4. тармағын келесі мазмұндағы абзацпен толықтыру:

«Бұл кезде, оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық мөлшерде төлеген күннен бастап меншіктенуші-акционердің Банкті басқаруға қатысу құқығы тоқтатылады.»

5. 3.6. тармағын келесі мазмұндағы абзацпен толықтыру:

«Банктің міндеттемелерін, сондай-ақ салықтарды, басқа да міндетті төлемдер мен алымдарды төлегеннен кейін қалатын табыс есебінен оның қызметінің дамуын қамтамасыз ету үшін, Банк пайдалану тәртібі Банктің Директорлар Кеңесімен анықталатын акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен тиісті мақсатты қорлар құруы мүмкін.»

6. Жарғының 4.1. тармағын келесі мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтыру:

« - Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарында қарастырылған жағдайларда, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талашпен жүгінуге;»

7. Жарғының 5.1. тармағын келесі мазмұндағы 11-1) тармақшасымен толықтыру:

«11-1) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;»

8. 5.1.4. тармағының он төртінші абзацының екінші сөйлемін келесі редакцияда баяндауға: «Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Банктің корпоративтік WEB-сайтында және(немесе) «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жариялануы тиіс.

9. Жарғының 5.1.5. тармағында:

тоғызыншы абзацты келесі мазмұндағы сөйлеммен толықтыру:

«Егер Директорлар Кеңесі мүшесіне кандидат Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) акционер не жеке тұлға болған жағдайда, бұл мәліметтер акционердің Банктің дауыс беру акцияларымен иелену үлесі туралы мағлұматымен қоса акционерлер тізімін жасау күніндегі материалдарда көрсетілуі тиіс.»

оныншы абзацты келесі мазмұндағы 3-1) тармақшасымен толықтыру:

«3-1) Банк қызметі мен оның лауазымды тұлғаларына акционерлердің жүгінулері және оларды қарастырудың қорытындысы туралы ақпарат;»

10. Жарғының 5.2.1. тармағында:

9)-тармақшаны келесі редакцияда баяндауға:

«9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;»;

келесі мазмұндағы 14-1) тармақшасымен толықтыру:

«14-1) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;»;

18-тармақшаны келесі сөздермен толықтыру:

«сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалармен мәмілелерді;»;

21)-тармақшаның б) абзацындағы «орғандар» сөзінен кейін «(комитеттер)» сөзімен толықтыру;

жиырма сегізінші абзацты келесі редакцияда бандоуға:

«Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін есепке ала отырып өз өкілеттіктерін Банк Басқармасына және Банктің өзге органдарына табыстауға құқылы. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне қатысты мәселелер Басқармаға шешу үшін жіберілмейді.»;

келесі мазмұндағы абзацтармен толықтыру:

«Директорлар Кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.»;

11. Жарғының 5.2.3. тармағының алтыншы абзацындағы «мүдделерін танытатын» сөздерін алып тастау.

12. Жарғының 5.2.6. тармағының 5)-тармақшасындағы «және олар бойынша қорытындылар» сөздерінен кейін «Директорлар Кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің әрқайсысының дауыс беру нәтижесін көрсетумен» деген сөздерімен толықтыру;».

13. Жарғының 5.2.7. тармағында:

жетінші абзацты келесі мазмұндағы абзацпен толықтыру:

«Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті;»;

сегізінші абзацта «он» сөзінен кейін «күнтізбелік» сөзімен толықтыру;

он бірінші абзацта «үш» деген сөзден кейін «күнтізбелік» сөзімен толықтыру;

келесі мазмұндағы он екінші және он үшінші абзацтармен толықтыру:

«Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда бағалаушының есебі қамтылуға тиіс.

Егер осындай мәміле нысанасы ақша және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздар болса, бағалау жүргізілмейді.»;

14. Жарғының 5.3.1. тармағын:

келесі мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтыру:

«1-1) Директорлар Кеңесі мен Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында қаралуға тиіс барлық сұрақтарды алдын ала талқылайды, осыған байланысты қажет құжаттарды дайындайды, Директорлар Кеңесі мен Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;»;

2)-тармақшада «Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды, соның ішінде бекітілуі заңнамамен қарастырылған Банктің өзге органдарының құзыретіне жататын құжаттар мен ережелерден басқа Банк бөлімшелерінің құрылымын, міндетін, қызметін және өкілеттіктерін анықтайтын Банктің ішкі ережелерін бекітеді» деген сөйлемдегі «заңнамамен» сөзінен кейін «және осы Жарғымен» сөзімен толықтыру;

келесі мазмұндағы 5-1)-тармақшасымен толықтыру:

«5-1) кредит беруді, есеп айырысуды, кассалық қызмет көрсетуді, акшаның және құнды заттардың сақталымын, есеп пен есептемені, банк ішіндегі бақылауды, клиенттердің мүдделерін қорғауды және Банк операцияларымен (мәмілелермен) байланысты басқа мәселелерді ұйымдастыру сұрақтарын қарастырады;»;

б)-тармақшаны келесі сөздермен толықтыру:

«, Банк қызметкерлерін таңдау, орналастыру, даярлау және қайта даярлау мәселелерін шешеді;»;

15. Жарғының 5.3.2. тармағының алтыншы абзацындағы «жеке» сөздерін алып тастау.

16. Жарғыны келесі мазмұндағы 5.3.5-1 тармағымен толықтыру:

«5.3.5-1. Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.».

17. Жарғының 5.3.7. тармағын:

келесі мазмұндағы 4-1 тармақшасымен толықтыру:

«4-1) Банктің ұйымдық құрылымын келіседі;»;

келесі мазмұндағы 6-1) тармақшасымен толықтыру:

«6-1) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін есепке ала отырып Банктің жетекші қызметкерлеріне өкілеттіктерді табыстайды;».

18. Жарғының 5.4. тармағын келесі мазмұндағы 5.4.1. тармағымен толықтыру:

«5.4.1. Директорлар Кеңесінің қоғам мүшелері:

1) хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес, Банктің және оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

19. Жарғының 5.5. тармағын келесі редакцияда баяндау:

«5.5. Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі.

5.5.1. Банктің лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Банкпен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Банкке зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Банк органының отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

5.5.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды адамға оның Банкке келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, Банктің лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Банктің осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Банктің лауазымды адамы Банкке осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Банктің лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Банкке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар Кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы тармағындағы осы тармақшаның үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар Кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар Кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар Кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақшада белгіленген мерзімде алмаса, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар Кеңесінің Төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Банктің мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Банктің лауазымды адамдары, егер Банктің органы қабылдаған, Банкке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Банктің лауазымды адамдары қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Банк мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Банктің лауазымды адамдары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап

бес жыл ішінде Банктің лауазымды адамдарының міндеттерін, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысында акционерлер өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмаласа, Банктің осы қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауаптылықта болады.»

20. Жарғының 7.1 тармағы:

3-1) абзацпен келесі мазмұнда толықтыру:

«3-1) осы банктің активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы Банк мүлігін кепілге (қайта кепілге) табыстау;»;

9-1) абзацымен келесі мазмұнда толықтыру:

«9-1) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;»;

11) тармағында «Банк» сөзінен кейін «, сондай-ақ Банк акцияларының шығарылымымен» сөзімен толықтыру.»;

21. Жарғының 7.2 тармағында:

бірінші абзац келесі редакцияда баяндалсын:

«Акционерлердің мүддесін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты жариялау, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары арқылы - Банктің корпоративтік WEB-сайты және (немесе) «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жариялау арқылы жүзеге асырылады.»;

келесі мазмұндағы үшінші абзацпен толықтыру:

«Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат ол пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).».

22. Жарғының 7-бабын келесі мазмұндағы 7.2-1. тармағымен толықтыру:

«7.2.-1. Банк акционердің, оның мүддесін қозғайтын Банктің қызметі туралы жазбаша сауалын алған жағдайда, сондай сауал 10 (он) күнтізбелік күннен артық емес мерзімде Банкпен қаралуы тиіс, мерзімнің өтуінен кейін Банк акционерге жазбаша жауап жолдауға міндетті.

Басқарма Төрағасы құжаттар көшірмесін ұсыну туралы шешім қабылдауға құқылы, мұндай жағдайда көшірме дайындау үшін, оларды нотариалды растау үшін, акционерге жөнелту немесе жеткізу үшін кеткен шығын сомасы туралы ақпарат акционерге жеткізіледі, сондай-ақ шығын құнын төлеуге арналған деректемелерге не Банк жайының шегінде құжаттармен танысуға қол жеткізуді ұсынуға құқылы. Мұндай жағдайда акционерге уақыты мен танысуға болатын орны туралы ақпарат мәлімет үшін жеткізіледі.

Құжаттар көшірмесін ұсыну үшін төлем мөлшері Банкпен белгіленеді және құжаттар көшірмесін дайындауға кеткен шығын құны мен акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығын төлемінен аспауы керек.

Құжаттар Банкке дайындау және жөнелту бойынша шығын төлеуге ақша алған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде акционерге жолданады.

23. Жарғының 7.3.-7.5. тармақтарын алып тастау.

24. Жарғыны 7-1 «**БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫМЕН ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**» бөлімімен келесі мазмұнда толықтыру:

«7-1.1. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметі қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

7-1.2. Банк өз үлестес тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалардың ұсынған мәліметтері негізінде жүргізеді және Уәкілетті органға олардың белгілеген тәртібінде осы тұлғалардың тізімін ұсынады.

7-1.4. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтер келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

1) толық және қысқартылған атауы;

- 2) нақты орналасқан жері (пошталық мекенжайы);
- 3) мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлігінің тіркелу нөмірі мен күні;
- 4) Банкпен үлестестік туындаған күні;
- 5) заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының тізімі.

7-1.5. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтер келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) Аты-жөні;
- 2) туған күні мен жері;
- 3) Банкпен үлестестік туындаған күні;
- 4) жеке тұлғаның үлестес тұлғалар тізімі;

7-1.6. Бұрын ұсынылған ақпарат өзгерген (толықтырылған) жағдайда, Банктің үлестес тұлғалары ондай өзгерістердің (толықтырулардың) пайда болған күнінен бастап жеті күн ішінде Банкке хабарлауға міндетті.».

25. Жарғыны 9 «**ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ**» бөлімімен келесі мазмұнда толықтыру.

«9-1.1. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінен осы Жарғының жекелеген ережелері заңнамаға қарама-қайшылықта болатын болса, мұндай ережелер Жарғыға тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде өз күшін жояды.

Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже заңды рұқсат етілетін және тиісті қатынасты реттейтінмен өзгертіледі.

9-1.2. Осы Жарғымен реттелмеген барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.».

Басқарма Төрағасы

Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы

Қолы М.О.

СОГЛАСОВАНО:
КОМИТЕТОМ ПО КОНТРОЛЮ И
НАДЗОРУ ФИНАНСОВОГО РЫНКА И
ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ
НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УТВЕРЖДЕНЫ:
Внеочередным Общим собранием
акционеров АО «Цеснабанк»
«17» августа 2011 года

Председатель (Заместитель Председателя)

30.11.2011



**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ЦЕСНАБАНК»**

город Астана
2011 год

Внести в Устав АО «Цеснабанк» (далее – Банк), утвержденный протоколом внеочередного общего собрания акционеров от 04.06.2007г. (далее - Устав) следующие изменения и дополнения:

1. В пункте 1.1. Устава слова «Уполномоченного органа по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций» заменить словами «Уполномоченного органа по контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – Уполномоченный орган)».

2. Пункт 1.5. Устава изложить в следующей редакции: «Банк осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, международными договорами (соглашениями), заключенными Республикой Казахстан, международными общепринятыми нормами банковской практики, нормативными правовыми актами Национального Банка Республики Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами.»

3. В пункте 1.11. Устава слова «Сара-Арка», «Победы» заменить соответственно словами «Сарыарка», «Жеңіс».

4. Пункт 3.4. Устава дополнить абзацем следующего содержания:

«При этом со дня выплаты в полном размере дивиденда по принадлежащим ему привилегированным акциям, право акционера - собственника привилегированных акций на участие в управлении Банком прекращается.»

5. Пункт 3.6. дополнить абзацем следующего содержания:

«Для обеспечения обязательств Банка, а также развития его деятельности за счет дохода, остающегося после уплаты налогов, иных обязательных платежей и сборов, Банком по решению Общего собрания акционеров могут создаваться соответствующие целевые фонды, порядок использования которых определяется Советом Директоров Банка.»

6. Пункт 4.1. Устава дополнить абзацем одиннадцатым следующего содержания:

« - при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Банка обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных статьями 63 и 74 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», с требованием о возмещении Банку должностными лицами Банка убытков, причиненных Банку, и возврате Банку должностными лицами Банка и (или) их аффилированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность.»

7. Пункт 5.1. Устава дополнить подпунктом 11-1) следующего содержания:

«11-1) принятие решения о добровольном делистинге акций Банка;».

8. Второе предложение абзаца четырнадцатого пункта 5.1.4. изложить в следующей редакции:

«Извещение о проведении Общего собрания акционеров должно быть опубликовано на корпоративном WEB-сайте Банка и (или) в газетах «Егемен Казахстан», «Казахстанская правда.»

9. В пункте 5.1.5. Устава:

абзац девятый дополнить предложением следующего содержания:

«В случае если кандидат в члены Совета Директоров является акционером либо физическим лицом, не являющимся акционером Банка и не предложенным (не рекомендованным) к избранию в Совет Директоров в качестве представителя акционера, то эти сведения также подлежат указанию в материалах с включением данных о доле владения акционером голосующими акциями Банка на дату формирования списка акционеров.»;

абзац десятый дополнить подпунктом 3-1) следующего содержания:

«3-1) информацию об обращениях акционеров на действия Банка и его должностных лиц и итогах их рассмотрения;».

10. В пункте 5.2.1. Устава:

подпункт 9) изложить в следующей редакции:

«9) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий,

определение порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита;»;

дополнить подпунктом 14-1) следующего содержания:

«14-1) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Банку;»;

подпункт 18 дополнить следующими словами;

«а также сделок с лицами, связанными с Банком особыми отношениями;»;

в абзаце б) подпункта 21) после слова «органов» дополнить словом «(комитетов)»;

абзац двадцать восьмой изложить в следующей редакции:

«Совет Директоров вправе делегировать свои полномочия Правлению Банка и иным органам Банка с учетом положений законодательства Республики Казахстан. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета Директоров, не могут быть переданы для решения Правлению.»;

дополнить абзацами следующего содержания:

«Совет Директоров должен:

1) отслеживать и по возможности устранять потенциальные конфликты интересов на уровне должностных лиц и акционеров, в том числе неправомерное использование собственности Банка и злоупотребление при совершении сделок, в которых имеется заинтересованность;

2) осуществлять контроль за эффективностью практики корпоративного управления в Банке.».

11. В шестом абзаце пункта 5.2.3 Устава слово «интересов» исключить.

12. В подпункте 5) пункта 5.2.6 Устава после слов «итоги по ним», дополнить словами «с отражением результата голосования каждого члена Совета Директоров по каждому вопросу повестки дня заседания Совета Директоров;».

13. В пункте 5.2.7. Устава:

абзац седьмой дополнить следующим предложением:

«В случае отказа Председателя Совета Директоров в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием в Правление, которое обязано созвать заседание Совета Директоров.»;

в абзаце восьмом после слова «десяти» дополнить словом «календарных»;

в абзаце одиннадцатом после слова «три» дополнить словом «календарных»;

дополнить абзацем двенадцатым и тринадцатым следующего содержания:

«В случае рассмотрения вопроса о принятии решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, информация о сделке должна включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях исполнения сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также отчет оценщика в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

В случае если предметом такой сделки являются деньги и (или) выпускаемые (размещаемые) на первичном рынке ценные бумаги, оценка не производится.»;

14. Пункт 5.3.1. Устава:

дополнить подпунктом 1-1) следующего содержания:

«1-1) предварительно обсуждает все вопросы, подлежащие рассмотрению Советом директоров и Общим собранием акционеров Банка, подготавливает в связи с этим необходимые документы, организывает выполнение решений Совета Директоров и Общего собрания акционеров Банка;»;

в подпункте 2) после слова «законодательством» дополнить словами «и настоящим Уставом»;

дополнить подпунктом 5-1) следующего содержания:

«5-1) рассматривает вопросы организации кредитования, расчетов, кассового обслуживания, сохранности денег и ценностей, учета и отчетности, внутрибанковского контроля, защиты интересов клиентов, и других вопросов, связанных с операциями (сделками) Банка;»;

дополнить подпункт 6) следующими словами:

«, решает вопросы подбора, расстановки, подготовки и переподготовки персонала Банка;».

15. В абзаце шестом пункта 5.3.2. Устава слова «индивидуальным», «индивидуальный» исключить.

16. Дополнить Устав пунктом 5.3.5-1. следующего содержания:

«5.3.5-1. Решения Правления оформляются протоколом, который должен быть подписан всеми присутствующими на заседании членами Правления и содержать вопросы, поставленные на голосование, итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Правления по каждому вопросу.».

17. Пункт 5.3.7. Устава:

дополнить подпунктом 4-1. следующего содержания:

«4-1) согласовывает организационную структуру Банка;»;

дополнить подпунктом 6-1) следующего содержания:

«6-1) делегирует с учетом положений законодательства Республики Казахстан полномочия руководящим работникам Банка;».

18. Пункт 5.4. Устава дополнить пунктом 5.4.1. следующего содержания:

«5.4.1. Члены Совета Директоров общества должны:

1) действовать в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, Уставом и внутренними документами Банка, трудовым договором на основе информированности, прозрачности, в интересах Банка и его акционеров;

2) относиться ко всем акционерам справедливо, выносить объективное независимое суждение по корпоративным вопросам.».

19. Пункт 5.5. Устава изложить в следующей редакции:

«5.5. Ответственность должностных лиц Банка.

5.5.1. Должностные лица Банка несут ответственность, установленную законами Республики Казахстан, перед Банком и акционерами за вред, причиненный их действиями и (или) бездействием, и за убытки, понесенные Банком, включая, но не ограничиваясь убытками, понесенными в результате:

1) предоставления информации, вводящей в заблуждение, или заведомо ложной информации;

2) нарушения порядка предоставления информации, установленного законодательством Республики Казахстан;

3) предложения к заключению и (или) принятия решений о заключении крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, повлекших возникновение убытков Банка в результате их недобросовестных действий и (или) бездействия, в том числе с целью получения ими либо их аффилированными лицами прибыли (дохода) в результате заключения таких сделок с Банком.

Принятие общим собранием акционеров в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом, решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, не освобождает от ответственности должностное лицо, предложившее их к заключению, или должностное лицо, действовавшее недобросовестно и (или) бездействовавшее на заседании органа Банка, членом которого оно является, в том числе с целью получения ими либо их аффилированными лицами прибыли (дохода), если в результате их исполнения Банку причинены убытки.

5.5.2. Банк на основании решения общего собрания акционеров или акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Банка, от своего имени вправе обратиться в суд с иском к должностному лицу о возмещении Банку вреда либо убытков, причиненных им Банку, а также о возврате Банку должностным лицом и (или) его аффилированными лицами прибыли (дохода), полученной в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, повлекших возникновение убытков Банка, в случае, если должностное лицо действовало недобросовестно и (или) бездействовало.

Банк на основании решения общего собрания акционеров или акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Банка, от своего имени вправе обратиться в суд с иском к должностному лицу Банка и (или) третьему лицу о возмещении Банку убытков, причиненных Банку в результате заключенной сделки Банком с этим третьим лицом, если при заключении и (или) осуществлении такой сделки данное должностное лицо Банка на основе соглашения с таким третьим лицом действовало с нарушением требований законодательства Республики Казахстан, настоящего Устава и внутренних документов Банка или его трудового договора. В этом случае указанные третье лицо и должностное лицо Банка выступают в качестве солидарных должников Банка при возмещении Банку таких убытков.

До обращения в судебные органы акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Банка, должен обратиться к Председателю Совета Директоров Банка с требованием о вынесении вопроса о возмещении Банку убытков, причиненных должностными лицами Банка, и возврате Банку должностными лицами Банка и (или) их аффилированными лицами полученной ими прибыли (дохода) в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, на заседание Совета Директоров.

Председатель Совета Директоров обязан созвать очное заседание Совета Директоров в срок не позднее десяти календарных дней со дня поступления обращения, указанного в части третьей настоящего пункта.

Решение Совета Директоров по обращению акционера (акционеров), владеющего (владеющих в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Банка, доводится до его (их) сведения в течение трех календарных дней с даты проведения заседания. После получения указанного решения Совета Директоров либо его неполучения в сроки, установленные настоящим подпунктом, акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Банка, вправе от своего имени обратиться с иском в суд в защиту интересов Банка при наличии документов, подтверждающих обращение акционера к председателю Совета Директоров Банка по указанному вопросу.

Должностные лица Банка, за исключением должностного лица, заинтересованного в совершении сделки и предложившего к заключению сделку, в результате исполнения которой Банку причинены убытки, освобождаются от ответственности в случае, если голосовали против решения, принятого органом Банка, повлекшего убытки Банка либо акционера, или не принимали участия в голосовании по уважительным причинам.

Должностное лицо освобождается от возмещения убытков, возникших в результате коммерческого (предпринимательского) решения, в случае, если будет доказано, что оно действовало надлежащим образом с соблюдением установленных законодательством Республики Казахстан принципов деятельности должностных лиц Банка, на основе актуальной (надлежащей) информации на момент принятия решения и обоснованно считало, что такое решение служит интересам Банка.

Должностные лица Банка, признанные судом виновными в совершении преступлений против собственности, в сфере экономической деятельности или против интересов службы в коммерческих или иных организациях, а также освобожденные от уголовной ответственности по нереабилитирующим основаниям за совершение указанных преступлений, не могут в течение пяти лет с даты погашения либо снятия в порядке, установленном законом, судимости либо освобождения от уголовной ответственности выполнять обязанности должностных лиц Банка, а также представителя акционеров на общем собрании акционеров.

В случае, если финансовая отчетность Банка искажает финансовое положение Банка, должностные лица Банка, подписавшие данную финансовую отчетность Банка, несут ответственность перед третьими лицами, которым в результате этого был нанесен материальный ущерб.»

20. Пункт 7.1. Устава:

дополнить абзацем 3-1) следующего содержания:

«3-1) передача в залог (перезалог) имущества Банка на сумму, составляющую пять и более процентов от активов данного Банка;»;

дополнить абзацем 9-1) следующего содержания:

«9-1) возбуждение в суде дела по корпоративному спору;»;

в подпункте 11) после слова «Банка» дополнить словами «, а также проспектом выпуска акций Банка.»;

21. В пункте 7.2. Устава:

первый абзац изложить в следующей редакции:

«Опубликование информации о деятельности Банка, затрагивающей интересы акционеров, осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом в средствах массовой информации – корпоративном WEB-сайте Банка и (или) газетах «Егемен Казахстан», «Казахстанская правда.»;

дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«В случае если Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и другими законодательными актами Республики Казахстан не предусмотрены сроки опубликования (доведения до сведения акционеров) информации, данная информация публикуется (доводится до сведения акционеров) в течение пяти рабочих дней с даты ее возникновения.».

22. Дополнить статью 7 Устава пунктом 7.2.-1. следующего содержания:

«7.2.-1. В случае получения Банком письменного запроса акционера о деятельности Банка, затрагивающей его интересы, такой запрос подлежит рассмотрению Банком в срок не более 10 (десять) календарных дней, по истечении которого Банк обязан направить акционеру письменный ответ.

Председатель Правления вправе принять решение о предоставлении копий документов, в таком случае до акционера доводится информация о сумме расходов на изготовление копий, их нотариальное заверение, отправку или доставку акционеру, а также реквизиты для оплаты стоимости расходов, либо предоставить доступ для ознакомления с документами в пределах помещения Банка. В таком случае до сведения акционера доводится информация о времени и месте возможного ознакомления.

Размер платы за предоставление копий документов устанавливается Банком и не может превышать стоимость расходов на изготовление копий документов и оплату расходов, связанных с доставкой документов акционеру.

Документы направляются акционеру в течение 5 (пять) дней со дня получения денег в оплату расходов Банка по изготовлению и отправке.

23. Пункты 7.3.-7.5. Устава исключить.

24. Дополнить Устав главой 7-1 **«ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРАМИ И ДОЛЖНОСТНЫМИ ЛИЦАМИ БАНКА ИНФОРМАЦИИ ОБ ИХ АФФИЛИРОВАННЫХ ЛИЦАХ»** следующего содержания:

«7-1.1. Сведения об аффилированных лицах Банка не являются информацией, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.

7-1.2. Банк ведет учет своих аффилированных лиц на основании сведений, представляемых этими лицами и представляет списки данных лиц Уполномоченному органу в установленном им порядке.

7-1.3. Физические и юридические лица, являющиеся аффилированными лицами Банка, обязаны представлять Банку в течение семи дней со дня возникновения аффилированности сведения о своих аффилированных лицах.

7-1.4. Сведения о юридическом лице, являющемся аффилированным лицом Банка должны включать в себя следующую информацию:

- 1) полное и сокращенное наименование;
- 2) фактическое место нахождения (почтовый адрес);
- 3) регистрационный номер и дату свидетельства о государственной пере/регистрации;
- 4) дату возникновения аффилированности с Банком;
- 5) список аффилированных лиц юридического лица.

7-1.5. Сведения о физическом лице, являющемся аффилированным лицом Банка должны включать в себя следующую информацию:

- 1) ФИО;
- 2) место и дату рождения;
- 3) дату возникновения аффилированности с Банком;
- 4) список аффилированных лиц физического лица.

7-1.6. В случае изменения (дополнения) информации, предоставленной ранее, аффилированные лица Банка обязаны уведомить Банк о таком изменении (дополнении) в течение семи дней со дня возникновения.».

25. Дополнить Устав главой 9 «**ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**» следующего содержания:

«9-1.1. Если в результате изменения законодательства Республики Казахстан отдельные положения настоящего Устава вступают в противоречие с законодательством, такие положения автоматически утрачивают силу без соответствующих изменений в Устав.

Если одно из положений Устава является недействительным, это не затрагивает остальных положений. Недействительное положение заменяется юридически допустимым и регулирующим соответствующее отношение.

9-1.2. Все вопросы, не урегулированные настоящим Уставом решаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.».

Председатель Правления

подпись

м.п.

Жаксыбек Дәурен Әділбекұлы